

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі  
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан  
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**Арнайы білім беру ұйымдарының мүмкіндігі шектеулі  
оқушыларына арналған кәсіби еңбек оқу бағдарламаларына  
қойылатын талаптар  
Әдістемелік ұсынымдар**

**Требования к трудовым профессиональным учебным  
программам для учащихся специальных организаций  
образования с ограниченными возможностями  
Методические рекомендации**

Астана  
2016

*БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2016 жылғы 18 қарашадағы №10 хаттама).*

*Рекомендовано к изданию решением ученого совета Национальной академии образования им. И.Алтынсарина (протокол №10 от 18 ноября 2016 г.).*

**Арнайы білім беру ұйымдарының мүмкіндігі шектеулі оқушыларына арналған кәсіби еңбек оқу бағдарламаларына қойылатын талаптар.** Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2016. – 33 б.

**Требования к трудовым профессиональным учебным программам для учащихся специальных организаций образования с ограниченными возможностями.** Методические рекомендации.– Астана: НАО имени И.Алтынсарина, 2016. – 33 с.

Әдістемелік ұсынымда бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінің білім беру бағдарламасын меңгерген оқушыларды арнайы білім беру ұйымдарында кәсіптік еңбекке баулу бойынша оқу бағдарламаларын әзірлеуге қойылатын негізгі талаптар қамтылған.

Оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптар оқу бағдарламаларын әзірлеушілерге, білім беру ұйымдарының педагогтеріне, сонымен қатар, арнайы, инклюзивтік және кәсіптік білім беретін мамандарға арналған.

В методических рекомендациях изложены основные требования к разработке учебных программ по профессионально-трудовому обучению учащихся, осваивающих образовательную программу уровней начального, основного среднего и общего среднего образования в специальных организациях образования.

Требования к структуре и содержанию учебных программ предназначены для разработчиков учебных программ, педагогов организации образования, а также специалистам в области специального, инклюзивного и профессионального образования.

© БІ. Алтынсарин атындағы  
Ұлттық білім академиясы, 2016

© Национальная академия  
образования им. И. Алтынсарина, 2016

## Кіріспе

Әр түрлі адам қызметтерінің арасында еңбек маңызды орын алады, ол адамның рухани, адамгершілік, физикалық қабілеттерін дамытудың маңызды құралы ретінде қызмет етеді. Қоғамда тек еңбек тұлға қалыптастыруға жан-жақты әсер етуге септігін тигізеді, сонымен қатар, әлеуметтік прогресс факторы, қоғамдық байлықты құрушы, қажеттіліктерді қанағаттандыру тәсілі ретінде көрінеді.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды кәсіби еңбекке даярлау әр баланың тұлғалық қызығушылығына, бейімділігіне және қабілеттеріне сәйкес кәсіби қызметті еркін және саналы таңдау қабілеті мен мүмкіндігін қамтамасыз етудегі қоғамның, мемлекеттің және білім алушы тұлғасы қызығушылығын қанағаттандырумен түсіндіріледі.

Арнайы білім беру ұйымдарында кәсіптік еңбекке баулуда еңбек нарығындағы білікті және бәсекеге қабілетті кадрлардың қажеттілігі, жергілікті және аймақ нарығындағы өзгешеліктерді, арнайы білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесіндегі ерекшеліктерді, кәсіптік еңбекке даярлау және тағы басқалар үшін материалдық-техникалық базаның болуы ескерілуі қажет.

Арнайы мектепте «Жалпы еңбекке дайындық», «Қолөнер», «Кәсіби-еңбекке баулу» және т.б. оқу пәндерін оқыту білім алушылардың бастапқы кәсіби бағдар алуына мүмкіндік береді.

Арнайы мектептегі бейіндік еңбекке даярлық білім беру және қоғамдық пайдалы жұмыс процесінде оқушының жеке қызығушылығы, бейімділігі, физикалық мүмкіндігі және денсаулық жағдайын ескере отырып, бейін мен мамандықты дұрыс таңдай білу уәжін, білімі мен білігін дамытуға, еңбек білігі мен дағдысын қалыптастыруға бағытталған.

Арнайы білім беру ұйымдарындағы оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды әзірлеудің өзектілігі, еңбекке баулу бағдарламасы мазмұнын баяндаудың бірінғай құрылымы мен жүйелілігін анықтау қажеттілігінен туындайды.

Орта білім беруді дамытудың заманауи үдерістері: білім берудің жаңартылған мазмұны, тұлғалық- бағдарлы және тәжірибелік-бағдарлы оқыту, өмір бойы оқыту және басқа да көптеген факторлар кәсіби-еңбекке баулу бойынша оқу бағдарламаларын әзірлеуде тәсілдерді қайта ойластыруды талап етеді.

**Ұсынымның мақсаты:** арнайы білім беру ұйымдарының оқушыларына арналған кәсіби-еңбекке баулу оқу бағдарламаларын әзірлеу процесін ғылыми-әдістемелік қолдау.

**Ұсынымның міндеттері:** мүмкіндігі шектеулі білім алушылар, оның ішінде ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған кәсіби-еңбекке баулу оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнына қойылатын жалпы талаптарды әзірлеу.

## **1 Мүмкіндігі шектеулі оқушыларға білім беруді ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктері**

Мүмкіндігі шектеулі балалар, оның ішінде ақыл-ой кемістігі бар балаларды еңбекке баулудың мақсаты оларда өмірге және еңбекке қажетті білім, білік және дағдыларды қалыптастыру болып табылады. Арнайы мектепте еңбекке баулу әдеттегі еңбек ұжымы жағдайында жаппай өндірістік кәсіпорындарда күрделі емес жұмыс түрін өз бетімен және кәсіби деңгейде орындауға қабілетті физикалық еңбек қызметкерлерін даярлауға бағытталған. Еңбекке баулу, басқа оқу пәндері сияқты оқушыларды жан-жақты дамыту міндеттерін шешеді. Ол физикалық, ақыл-ой, эстетикалық және адамгершілік тұрғысынан дамытуға айтарлықтай үлес қосады. Бірақ еңбекке баулудың негізгі міндеті – мектеп оқушыларына белгілі мамандық бойынша жұмыс істеу үшін қажетті бастапқы кәсіптік білім беру, яғни оларға қолжетімді техникалық және технологиялық білім беру, кәсіби білігі мен дағдысын қалыптастыру.

Сонымен қатар, арнайы мектептегі еңбекке баулу оқушыларды әлеуметтік-еңбекке бейімдеу және сауықтыру қызметтерін де атқарады. Бұл міндет балаларды өмірде қажетті: тұрмыстық, қоғамдық пайдалы және кәсіптік еңбек түрлеріне қосу жолымен шешіледі.

Еңбек сабағында оқушылардың алған білімі, бір жағынан, ақыл-парасатының жалпы деңгейін арттырады, екінші жағынан, еңбектік міндеттерін шешуде өз қызметін дұрыс реттеу білігін дамыту үшін негіз болып табылады (алынған тапсырмаға бағдарлану, өз жұмысын жоспарлау және бақылау).

Арнайы мектептің өз тәрбиеленушілеріне политехникалық білім бермейтінін атап көрсету қажет. Осындай міндет балалардың ақыл-ой дамуы ерекшелігіне байланысты және оның оқушылар үшін қолжетімсіздігі салдарынан жалпы білім беру пәндерінің оқу бағдарламаларына қойылмайды.

Сондықтан, ол еңбекке баулуда да шешіле қоймайды. Сонымен қатар, арнайы мектептегі еңбекке баулу политехникаландырудың жекелеген элементтерін құрайды.

Жалпы білім беретін сабақтарда балалар еңбектің технологиялық процестерін терең түсіну үшін қажетті жеткілікті жалпы білім беру базасын алмайтынын ескерсек, арнайы мектептер жағдайында кәсіби-еңбекке баулу міндеттері ерекше маңызға ие екенін көруге болады.

Оқытуды теориясыз және тек практикалық дағдыларды пысықтаумен ғана құру әрекеттері, әдеттегідей, еңбек тапсырмаларын орындаудың шығармашылық тәсілдерінен айрылған формалды, ой елегінен өткізілмеген тәсілдер мен іс-әрекеттерді меңгеруге әкеледі.

Арнайы мектепте ақыл-ой кемістігі бар балалар үшін теориялық ережелер қарапайым түрде беріледі. Оның бүкіл көлемі емес, тек, онсыз еңбек әрекетін саналы меңгеру, еңбек технологиясын ойлау мүмкін болмайтын ең бастысы ғана айтылады.

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың көпшілігінде күрделі емес еңбек операцияларын орындаудың жоғарыавтоматтандырылған дағдылары қалыптасуы мүмкін.

Бірақ ақыл-есі толыққанды оқушыларға карағанда, дағдылардың қалыптасу процесі баяу жүреді, және дағдыларды алмастыру қабілетін дамытуда айтарлықтай артта қалу байқалады. Осыдан еңбекке баулудың мерзімін айтарлықтай арттырудың қажеттілігі келіп шығады.

*Еңбектің түзету-тәрбиелік қызметі.* Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар тұлғалардың *психикалық даму бұзылысынан туындаған* еңбек әрекетіне тән ерекшеліктерін ескеру, оларды қолжетімді еңбекке тиімді қосудың міндетті шарты болып табылады.

Туа біткен немесе ерте (3 жасқа дейінгі) пайда болған зияткерлік жеткіліксіздігінің маңызды сипаттамаларының бірі (олигофрения ретінде көрсетілетін) танымдық қызметінің дамуы ғана емес, тұлғаның толығымен зардап шегуі – нервтік-психикалық дамымауының жиынтығы болып табылатыны Г. Е. Сухарева [1], В. В. Лебединский [2] және т.б. авторлар жұмысында көрсетілген.

Бірақ жүргізілген түзету жұмыстары айтарлықтай оң нәтиже беруі мүмкін. Ақыл-ой кемістігі бар адамның психикалық даму бұзылысы әр түрлі қызметте, оның ішінде еңбектенуде де пайда болады, сонымен қатар, арнайы ұйымдастырылған қызмет оны жеңуге немесе әлсіретуге әсер ететінін есте сақтаған жөн. [3,4,5 және т.б.].

Зияткерлік жетіспеушілігі бар адамдар үшін ерекше маңыздысы психикалық дамуына әсер ету және әлеуметтік сауықтыру ретіндегі еңбектік қызмет болып табылады. Ақыл-ой кемістігі бар тұлғаны еңбекке даярлау жүйесі әдетте олардың ересек жастағы мүмкіндіктерін де ескеруге бағдарланған: «Көпшілік ересек адамдар жұмыс істеп, қалыпты әлеуметтік қарам-қатынасты ұстап және қоғамға үлесін қоса алатын болады» [6]. Сонымен, әдетте «тапсырманы толық құруды және білікті қадағалауды қамтамасыз еткен жағдайда, тіпті қалыпты зияткерлік дамуы жеткіліксіздердің де қарапайым тәжірибелік жұмысқа» қабілеті болатынын ескеру қажет [7], ал жеңіл ақыл-ой кемістігі барларды «білікті емес және жартылай білікті қол еңбегін қоса тәжірибелік қызмет саласына жұмысқа орналастыру» мүмкін болады [7].

Зияткерлік дамуы жеткіліксіз адамның психикалық даму ерекшеліктері оны еңбекке дайындау процесінде көрініс беретіні сөзсіз. Сонымен, ақыл-ой кемістігі бар тұлғаларды кәсіптік даярлау саласындағы белгілі заманауи ресей маманы Е.М. Старобина жеңіл зияткерлік дамуы жеткіліксіз тұлғаның толыққанды кәсіптік даярлықтан өтуге қабілеттілігін растайды.

Сонымен ол оларды еңбекке баулу мен кәсіптік даярлауды ұйымдастырудың және әдістерінің екекшеліктерін анықтайтын, олардың ақыл-ой және тәжірибелік әрекеттерінің мынадай белгілі ерекшеліктерін: «зейін аударудың нашарлығы және тұрақсыздығын; есте сақтаудың бұзылуын (әсіресе қысқа уақытта белсенді есте сақтау көлемінің төмендігі); ақыл-ой жұмысына қабілеттілік қарқынының баяулығын, сенсомоторлық реакциялар мен психикалық процестердің жылдам өтуін; қарым-қатынас, талдау, жинақтау, себеп-салдарды анықтау, байланыс пен қарым-қатынас жасау қабілетінің бұзылуын; талдамалық-синтетикалық әрекетіндегі бұзылыстарды көрсетеді.

Кез-келген мәселелерді шешуде олар нақты жағдайға сүйенеді, сонымен қатар, оларда шындықтың нақты-ситуациялық бағасы басым болады» [8].

Ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды еңбек процесіне қосу олардың сенсорлық, ойлағыштық және орындаушылық қызметтерін түзету мен дамыту үшін қолайлы жағдай жасайды. Осы жағдайда оқушылардың қабылдауы мен түсінігі анық көрсетілген пәнге қатыстылыққа ие болады, сондықтан оқушы үнемі нақты нысандармен оның қасиеттерімен жұмыс істейді.

Осыдан ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың қабылдауына тән мазмұнның жұтаңдығы, көмескілігі, константтылықтың жеткіліксіздігі және т.б. жеңу мүмкіндігі кеңейеді.

Олар қарапайым пайымдауға қарағанда нақты пәндік мазмұнмен толығады, біршама сараланған және тұрақты болады.

Еңбек әрекеті процесінде олардың сезім мүшелері енжар әсер етуден арылады және қабылдаудың белсенді әрекеттік қызметі күшейеді. Қабылдау пәндерін қайта жасау бойынша қызмет баланың сезіну тәжірибесін айтарлықтай байытады: пәннің сыртқы түрі туралы түсінігі, қабылданған нысандар арасындағы қарым-қатынас жөніндегі түсінікпен толығады. Соның нәтижесінде қабылдаудың бағдарлық-зерттеулік және реттеушілік қызметі қалыптасады. Еңбекті дұрыс ұйымдастырған жағдайда ойлау операцияларын тәжірибеде меңгерудің: салыстыру, талдау, жинақтау, жіктеу және әсіресе қорыту мен назар аударудағы өздерінің кемшіліктерін түзету сияқты оқушыларға біршама қолжетімді түзетуді қолдану үшін шексіз мүмкіндіктер беріледі.

Осының нәтижесінде логикалық операция ретінде салыстыру тәсілдерін тәжірибеде меңгеру пайда болады. Тәжірибелік дағдыларды ақыл-ой әрекеті жоспарына көшіруге жағдай жасалады. Балалармен еңбек жағдайымен анықталған нақты қарым-қатынас жасауда осы процеске көптеген жаңа лексикалық компоненттердің белсенді қорын енгізу есебінен бұйымдар, бөлшектер, құралдар, жұмыс тәсілдері мен операциялардың атауын білдіретін жаңа сөздер мен терминдерді енгізудің қажеттілігі оқушылардың тілін байытады, ал маңыздысы – балалар тәжірибеде ауызша сөйлеу дағдыларын дұрыс қоюды меңгереді.

Еңбек – арнайы мектептерде өзінің тәжірибелік әрекеті мен оны реттеуді ұйымдастыру үшін сондай-ақ, ақыл-ой тәсілдері мен әрекеттерін меңгеру қиындығын жеңу бойынша түзету жұмыстарында кеңінен қолданылады. Осы мақсатпен еңбек тапсырмаларын орындау процесінде оқушыларды тапсырмаға бағдарлау, алдағы әрекеттерін ойша және жазбаша түрде жоспарлауы бойынша, өзін-өзі тексеру дағдысы мен оның орындалу тәсілдерін ауызша түсіндіру туралы арнайы тәсілдер қолданылады.

Сонымен қатар, оқушылардың еңбек әрекетінің мақсаттылығына бағыт беруге ерекше көңіл бөлінеді.

Осы сапаларды жасаудағы үнемі жаттығулар оқушылардың тұрақты сипаттағы өздері қалаған мақсаттылық әрекетіне жол ашады. Жалпы білім беретін оқу пәндерін еңбек сабағымен байланыста және сабақтастықта меңгеру нәтижесінде оқушылардың жалпы білім деңгейін арттырудың мүмкіндігі

кеңейеді. Еңбек сабақтарын дұрыс қойған жағдайда барлық оқу пәндерінің мазмұнын құрайтын оқушылардың білімі мен білігін арттыруға, нақтылауға және түзетуге мүмкіндік беріледі. Сонымен қатар, еңбектің оқушылардың жалпы физикалық дамуы үшін маңыздылығы баршаға мәлім. Моторикасын, дене қалпындағы кемшіліктерді түзетумен қатар, ептілік, дәлдік, қозғалыстың жылдамдығы және үйлесімділігі сынды құнды физикалық қасиеттерді қалыптастыру, балалар еңбегін дұрыс ұйымдастыру олардың жалпы сауығуы мен физикалық дамуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, еңбек ақыл-ой және физикалық дамуын түзетуге әсер етеді, сондай-ақ ол ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың адамгершілігін жетілдірудің күшті құралы болып табылады. Өзара көмек және жақын серкітестік принципіне құрылған біріккен еңбек әрекеті оқушыларда еңбексүйгіштік, достық және жолдастық сезімі, ұжымда жұмыс істей білу, тәртіптілік, ұйымдасушылық және т.б. сынды құнды моральдік қасиеттерге тәрбиелеудің өзіндік тәжірибелік мектебі болып табылады. Еңбек балалардың психикасына сауықтырушылық әсерін тигізетін жағымды эмоциялар қалыптастырады, оларға қуаныш, сергек көңіл-күй сыйлайды.

Еңбекке баулуға енгізілген көлемді түзету-дамытушылық мүмкіндіктерге қарамастан, ақыл-ой кемістігі бар балаларды еңбек әрекетіне қосу олардың дамуындағы кемшіліктерді өздігінен түзете алмайды. Еңбек тек мамандық алу құралы ретінде ғана қолданған жағдайда, ол өзінің тәрбиелік маңызын жоғалтады. Өздеріне тиісті басшылық болмаған жағдайда шаршағандықты сезінбей ұзақ уақыт бірсарынды және үйреншікті жұмысты орындауға бейім ақыл-ой кемістігі бар балалар өздерінің дамуына мүмкіндік бермейтін тек механикалық түрде орындауға әдеттенеді.

Еңбекке баулудың қарастырылған міндеттері (кәсіби-еңбек әрекетін меңгеру, тәрбиелеу және түзету) өзара шарттасқан және тек өзара байланыста ғана тиімді шешімге ие болады. Сонымен, оқушылардың тәрбиелілік деңгейінің төмендігі еңбекке баулуға айтарлықтай кедергі келтіреді және жарақаттау қауіптілігін арттырады. Екінші жағынан, егер оқушы еңбек бойынша бағдарламалық материалды меңгерген, тәрбиесі жеткіліксіз болса, онда оны еңбекке даярлығы аяқталған деп санауға болмайды. Еңбектік білімді әсіресе тәжірибелік білікті қалыптастыру тұлғаның моральдік қалыптасуына мүмкіндік береді, өйткені еңбекке ептілігі нәтижесінде моральдік қанағаттану сезімі пайда болады, бұл оқушы тұлғасының адамгершілік дамуының негізі ретінде қызмет етеді.

## **2 Мүмкіндігі шектеулі оқушыларға арналған оқу бағдарламаларының кәсіби-еңбекке бағыттылығы**

Ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған арнайы мектептегі еңбекке баулу құрылымы бірнеше кезеңдерді құрайды. Олардың әрқайсысы жалпы осы кезеңдердің өздеріне тән міндеттерін де шешеді.

Бірінші кезең: *қол еңбегі сабағын оқыту 1-3 сыныптарды қамтиды.*

Екінші кезең: *жалпы еңбекке даярлықты оқыту кезеңі 4-6 сыныптарды қамтиды.* Бұл кездегі басты міндет жалпыеңбектік білік пен дағдыны қалыптастыру болып табылады: үлгіні талдай білу, тапсырмаларға бағдарлану, алдағы әрекетін жоспарлау, еңбектің ағымдағы және қорытынды нәтижелерін қадағалау. Жұмыста қауіпсіздік ережелерін сақтауға және меңгеруге, оқушыларды тәртіпке қойылатын талаптарды сақтауға үйретуге, еңбек процесінде өзара әрекет үшін сөзді қолдануға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, өнім сапасының максималды мүмкіндігіне қол жеткізуге ерекше көңіл бөлінеді.

Осы кезеңде оқушыларды кәсіптік бейімдеу бойынша көлемді жұмыстар жүргізіледі. 7-9 сыныптарда қолжетімді еңбек бейіні бойынша әрі қарай оқу үшін оқушының психофизиологиялық мүмкіндіктері мен қызығушылығы барлық мүдделі тұлғалардың (ата-аналар, еңбекке баулу пәнінің мұғалімі, сынып жетекшісі, тәрбиеші, мектептің медициналық қызметкері, психолог, әлеуметтік педагог, кітапханашы, мектеп әкімшілігі) біріккен күшімен анықталады. Еңбектің әр түрі бойынша 4-6 сыныптарға жоспарланған жұмыс түрінің көлемі онша көп емес. Балалардың қызығушылығы, бейімділігі және қабілеті зерделенеді, келесі кезеңде әр баланы қандай еңбек түрі саласында кәсіби оқытуды жүзеге асыруы мүмкін болатыны анықталады.

Үшінші кезеңнің өзіне тән міндеттері *бастауыш кәсіби еңбекке оқытуға* көшуге негізделген. Бастауыш кәсіби еңбекке оқытудың мақсаты — ауыл шаруашылығында немесе құрылыста сонымен қатар, қызмет көрсету саласында оқушылардың өндіріс кәсіпорындарындағы алғашқы еңбек дағдыларын қалыптастыру, яғни оқушыларға белгілі бір мамандық негізін беру. Бұл міндеттер 7-9 сыныптарда шешіледі.

7-сыныптан бастап оқушылар біртіндеп еңбектің біршама қиындау түріне қосылады. Оқудың соңында олардың әрқайсысы жұмысшы мамандықтарының бірін меңгереді. Бұлар – өндірісте орындаушыларды даярлауды болжайтын ағаш ұсталық іс; тігін-моторисі және киім жөндеу бойынша мамандарды даярлауға бағытталған тігін ісі; картонды-түптеу ісі; көкөніс, бау-бақша салалары жұмыскерлерін даярлауды қамтамасыз ету бойынша күрделі емес ауылшаруашылық мамандықтары, сонымен қатар, ауылшаруашылық механизациясы бойынша жұмыскерлер; құрылыс мамандықтары (сырлау, сылақ, тұсқағаз жабыстыру ісі); аяқ киім жөндеу бойынша мамандар және аяқ киім өндірісі жұмыскерлерін даярлайтын аяқ киім ісі мамандықтары болып табылады.

Еңбекке баулу сабағында оқушылар екі топқа бөлінеді. Топтарды жасақтау дәрігердің және мектеп психологының ұсынысы бойынша



оқушылардың танымдық және психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылады.

Кәсіби-еңбекке оқытудың маңызды құрамдас бөлігі *7-9-сынып оқушыларының өндірістік тәжірибесі* болып табылады. Оның міндеттері – оқушыларды нағыз өндірістегі заманауи құрал-жабдықтармен және өндірістік процесстерді механикаландыру жұмысымен таныстыру, оқушыларды өндірістік ұжымдағы және олардың бөлімшелері, цехтары, бригадалары, бөлімдерінде және т.б. қалыптасқан ұжымдық жұмыс түріне және әлеуметтік қарым-қатынасқа тарту.

Оқушылар педагогтің және білікті жұмысшылар қатарынан шыққан тәжірибелі тәлімгерлердің тікелей жетекшілігімен жұмыс орнында таңдаған мамандығының білігі мен дағдысын бекітеді және жетілдіреді, ең бастысы, олар іс жүзінде ересектердің еңбек ұжымындағы өмір нормалары мен ережелерін, ұжымда жұмыс істей білуді меңгереді.

Қазақстанның өндірістік кәсіпорындарының жаңа экономикалық қарым-қатынасқа көшуіне байланысты арнайы мектеп оқушыларының өндірістік тәжірибелерін ұйымдастыру біршама қиындық туғызуда, ал кейбір аймақтарда оны ұйымдастыру тіпті мүмкін емес. Бұл жағдай өз кезегінде еңбек нарығыда арнайы мектеп түлектеріне сұраныстың болмауына әкелетін ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды кәсіби-еңбекке даярлауды айтарлықтай қиындатады.

7-8- сыныптарда еңбек тәжірибесі мектеп шеберханасы базасында, 9-сыныпта өндірістік база және дәрігердің қорытындысы болған жағдайда кәсіпорында жүзеге асады. Еңбек тәжірибесінен өтудің мерзімі мен тәртібі жергілікті жағдайға байланысты мектеп кеңесімен (педагогикалық кеңес) анықталады. Жазғы еңбек тәжірибесі оқу жылы аяқталғаннан кейін немесе оқу мерзімін ұзартқан жағдайда сол көлемде бір жылдың ішінде өткізіледі. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған арнайы мектептегі еңбекке баулу оқыту емтиханын тапсырумен аяқталады. Білім алушылар белгіленген тәртіппен бітіру емтиханынан босатылуы мүмкін.

9-сыныпты бітіргеннен кейін бітірушілердің біраз бөлігі кәсіптік-техникалық колледждердің арнайы топтары жағдайында кәсіптік білім алуға дайын болады. Сонымен қатар, көпшілік жасөспірімдердің арнайы дайындықсыз олар үшін жаңа болып табылатын оқыту жағдайы мен талаптарына көше алмайтынын тәжірибе көрсетіп отыр. Осындай жағдайдағы жеңілдету мақсатымен арнайы мектептің 10- (өндірістік) сыныбында жүзеге асатын *кәсіптікке дейінгі тереңдетілген даярлық кезеңі* ұсынылады. Бұл кезең бағдарламасы 9-сыныпты бітіргеннен кейін еңбекке баулу бейінін өзгертуге талап білдірген оқушыларға, сонымен қатар, кәсіптік-техникалық колледжге көшу алдында жаңа ортаға біршама табысты кірігу және оған бейімделу үшін алынған білімі мен білігін тереңдетуді және қорытуды қажет ететіндерге арналған.

Оқуын кәсіптік колледж жағдайында жалғастыруға аймақтық жағдай мүмкіндік бергенде ғана психофизикалық мүмкіндігі жеткілікті сақталған оқушыларға кәсіптікке дейінгі тереңдетілген даярлықты ұсынған жөн.

Материалдық-техникалық базасы кәсіптік оқытуға қойылатын талаптарға

сәйкес келетін мектептер ақыл-ой кемістігі бар жасөспірімдерді өздерінде оқытуды ұйымдастыра алады. Бұл жағдайда кәсіптік білім беруді біліктілік емтихандарымен, тиісті сертификат берумен аяқтауға мүмкіндік беретін сәйкес білім беру қызметін ұсыну үшін лицензия алуы қажет.

Қазіргі уақытта республика аймақтарында кәсіптік колледждер ғана арнайы топтарда немесе жалпы түрдегі топтарда мүмкіндігі шектеулі жасөспірімдерге кәсіптік білім беруді ұйымдастырады.

Петропавл қаласындағы (Солтүстік Қазақстан облысы) зияткерлігінде бұзылысы бар балаларға арналған №2 арнайы (түзету) мектеп-интернатының директоры Н.П.Хованский бастамасымен оқу-өндірістік комбинатының (ОӨК) құрылуы бірден-бір ерекшелік болып табылады. Мұнда оқушылар мектеп-интернат педагогтерімен әзірленген авторлық бағдарламалар бойынша оқытылады. Оқыту бейіні әр оқушының психофизикалық мүмкіндіктерін, қызығушылығы мен еңбек қабілеттерін ескере отырып құрылады.

Оқушыларға: тігін, ағаш шеберлігі, темір ұстасы ісі, шаштараз өнері, аяқ киім жөндеу және тігу, жиһаз жасау және қалпына келтіру, аспаздық ісі, кіші қызмет көрсету қызметкерін даярлау, көгалдандыру және аранжировка жасау сынды тоғыз бейін ұсынылады. Бұл оқыту бейіндері жергілікті жердің кадрларға қажеттілігі, әлеуметтік-экономикалық жағдай ескеріле отырып енгізілді. Олардың бәрі оқытуды өндіріспен және халыққа қызмет көрсетумен кіріктіруге бағдарланған. Оқыту кезеңінде өндірістік тәжірибеде оқушылар киім тігу, жиһаз жасау және қалпына келтіру және т.б. ретіндегі тапсырыстарды орындайды. Жеке тапсырыстармен бірге мекелемер мен өнеркәсіптерден арнайы киім, төсек-орын жабдықтарын, орамалдар тігу бойынша жаппай тапсырыстар түседі. Халыққа шаштараз, аяқ киім жөндеу қызметтері көрсетіледі.

Оқушыларды еңбекке даярлау еңбек пәні мұғалімінің ғана еншісі болып табылмайды. Оқушыларды тиісті еңбекке тәрбиелеу қамқорлығы мектептегі әр педагог жұмысының құрамдас бөлігі болып табылады. Арнайы мектептер қызметінің жоғары бағасы – өздерінің барлық бітірушілерінің жұмысқа табысты орналасуы, олардың өндірістегі жақсы жұмысы, еңбектегі жоғары саналылық танытуы, ұжымда өмір сүре білуі болып табылады.

*Арнайы мектеп түлектерінің жұмысқа орналасуы.* Бүгінгі күні ақыл-ой кемістігі бар тұлғаларды жұмысқа орналастыру мәселесі өткір болып тұр. Түзеу педагогикасы Ұлттық ғылыми-практикалық орталығы қызметкерлері жүргізген зерттеу нәтижесі 2013-2015 жылдарда арнайы мектепті бітірген 2676 жасөспірімдердің тек 159 (6%) түлек қана жұмысқа орналасқанын көрсетеді. Сонымен бірге, олардың көп бөлігі уақытша және мерзімдік жұмыстарға орналастырылған, бұл тұрақты еңбек ақыға кепілдік бермейді. Іс жүзінде 1128 (42%) түлек әлеует шегінен ата-аналарының немесе туыстарының қамқорлығына берілген, 1175 (44%) жасөспірімнің, кәсіптік-еңбек колледжіне түскендерінің көбі табысты аяқтамаған. Көпшілік балалар оқытудың әр кезеңінде колледжді тастап кеткен. Олардың мәліметтері бойынша ақыл-ой кемістігі бар кәсіптік колледж түлектерінің бірен-сараны ғана жұмысқа орналасады [9,10].

### 3 Кәсіби еңбекке баулудың оқу бағдарламаларын бейімдеу бойынша әдістемелік ұсынымдар

Кәсіби еңбекке баулу пәндері бойынша оқу бағдарламалары ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға арнайы білім беруді дамытуда қазіргі заманғы үрдістерді ескере отырып, әзірленеді. Арнайы мектеп жағдайында, сондай-ақ ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқытатын жалпы білім беретін орта мектеп жағдайында да оқу бағдарламаларын пайдалану мүмкіндігін қарастырады.

«Кәсіби еңбекке баулу» пәні бойынша оқу бағдарламасының құрылымы мынадай болуы тиіс:

1. Жалпы ережелері
2. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері
3. Оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру (оқыту мақсаттарының жүйесін қоса алғанда)

Зерде бұзылыстары бар оқушыларды еңбекке баулу – оларды өмірде жайластыру, әлеуметтік бейімдеу және қоғамға кіріктіру мүмкіндіктерін іске асырудың маңызды шарты және құралы. Зерде бұзылыстары бар оқушыларды еңбекке баулуды тиімді ұйымдастыру ұсынылатын медициналық көрсетімдер мен қарсы көрсетімдерге сәйкес мамандықтардың қолжетімділігін, қазіргі заманғы еңбек нарығының жағдайын ескере отырып, осы балалардың жалпы еңбек дайындығын және соның негізінде кәсіби дайындығын алу үшін немесе кәсіптік-техникалық білім алу үшін жағдай жасауды көздейді.

Арнайы мектептің 7-9 (10) -сыныптарында оқыту **мақсаты** оқушылардың оқу-еңбек әрекеттерін дамыту мүмкіндіктерін іске асырудан, оларды бастапқы кәсіби дағдыларды алуға дайындықтан, кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарында немесе тікелей өндірісте оқытуға дайындықтан тұрады.

Оқушыларды еңбекке баулу процесінде көрсетілген мақсатты іске асыру үшін келесі **міндеттер** шешіледі:

1. Еңбек қызметіне ынталандырудың деңгейін арттыру және жеке тұлғаның еңбекте қажетті қасиеттерін қалыптастыру;
2. Еңбек әдеттерін және еңбекке шыдамдылығын қалыптастыру;
3. Оқытылатын технологиялық операцияларды практикалық меңгеру үшін қажетті білімдерді қалыптастыру;
4. Тапсырманы бағдарлай білуінің, мақсатты бағытталғандық және өзіндік еңбек қызметін қамтамасыз етудің қажетті жағдайы ретінде тапсырманың орындалуын жоспарлай және бақылай білуінің даму деңгейін арттыру;
5. Оқытылатын технологиялық операциялардың орындалуын игеру, еңбек тәсілдерін оқыту процесінде қимыл-қозғалыс еңбек дағдыларын қалыптастыру.
6. Өзін-өзі кәсіби анықтауын қамтамасыз ету.

Көрсетілген мақсаттар кез келген еңбек түрлерін оқыту шеңберінде іске асырылуда және оқытудың жалпы принциптеріне, сондай-ақ арнайы принциптеріне негізделеді.

Практикалық бағыттылық принципі оқылатын материал мен білім алушылардың практикалық әрекеті арасында тығыз байланыстар орнатуды; іс-

тәжірибеге бағытталған міндеттерді шешу үшін маңызы бар білім мен біліктерді қалыптастыруды қарастырады.

Тәрбиелеуші оқыту принципі білім алушылардың бойында әр түрлі әлеуметтік ортадағы мінез-құлық тәсілдерін, адамгершілік түсініктерді (дұрыс/дұрыс емес, жақсы/жаман және т.б.) қалыптастыруға бағытталған.

Сабақтастық принципі ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың еңбекке баулудың барлық кезеңдерінде (кіші жастан мектеп жасына дейін) білімнің өзара байланыстылығын және үздіксіздігін қарастырады.

Білім мазмұнының тұтастық принципі жекелеген еңбек түрлері мен олардың құрамына кіретін оқу пәндері арасында өзара ішкі байланыс пен тәуелділіктің болуын қамтамасыз етеді.

Білім алушылардың жас ерекшеліктерін оқу-еңбек әрекетінің мазмұнын және тұлғалық жетістіктерінің нәтижелерін айқындайды.

Ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың әр түрлі топтарының психикалық даму ерекшеліктерін есепке алу принципі.

Түзетушілік бағыттағы принцип оқу-еңбек әрекеті процесінде ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың дамуындағы кемшіліктерді түзетуді қарастырады.

Іс-әрекетті қалыптастыруға бағыттылық принципі ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың барлық қолжетімді қызметтері мен тәсілдерін, танымдық және оқу әрекеттерінің, коммуникативтік әрекеттердің тәсілдерін және нормативтік мінез-құлықты игеру мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

Меңгерген білім, білік, дағдыларды және оқу жағдайында қалыптасқан қарым-қатынастарды түрлі өмірлік жағдайларға ауыстыру принципі білім алушының шынайы әлемде өзін-өзі бағдарлауына және белсенді еңбек әрекетіне дайындығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған еңбекке баулу бағдарламаларын әзірлеудің негізіне сараланған және іс-әрекеттік тәсілдемелер алынған.

Сараланған тәсілдеме олардың білім мазмұнын меңгеру мүмкіндіктерінің біртекті еместігімен айқындалатын айрықша білім алу қажеттіліктерін есепке алуды қарастырады. Оқу бағдарламаларын құруда сараланған тәсілдемені қолдану ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға жеке даму әлеуетін жүзеге асыру мүмкіндігін бере отырып, мазмұнның әралуандығын қамтамасыз етеді.

*Әрекеттік тәсіл* ақыл-ой кемістігі бар білім алушының жеке тұлғасының даму ерекшеліктерін ескере отырып, білім берудің негізгі заңдылықтары мен құрылымын ашатын психологиялық ғылымның теориялық ережелеріне негізделген. Білім берудегі әрекеттік тәсіл мектеп жасындағы ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың жеке тұлғасының дамуы оларға қолжетімді әрекетті (пәндік-практикалық және оқу әрекеттерді) ұйымдастыру сипатымен анықталатынын тану негізінде құрылады. Білім берудегі әрекеттік тәсілді іске асырудың негізгі құралы білім алушылардың білім мазмұнын меңгеруін қамтамасыз ететін олардың танымдық және пәндік-практикалық іс-әрекеттерін ұйымдастыру процесі ретіндегі оқыту болып табылады.

Ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған оқу бағдарламаларын әзірлеу аясында әрекеттік тәсілді іске асыру мыналарды қамтамасыз етеді:

1) білім беру нәтижелеріне әлеуметтік және тұлғалық мәні бар сипат беру;

2) білім алушылардың әр түрлі іс-әрекеттегі білімдер мен тәжірибені және мінез-құлықты нық меңгеру, оларды еңбек қызметінде ары қарай дамыту мүмкіндігі;

3) еңбектегі білім, білік, дағдылар жүйесінің кейбір элементтерін табысты меңгеруді ғана емес, ең алдымен, әлеуметтік табыстылықтың негізін құрайтын өмірлік құзыретті қамтамасыз ететін базалық оқу іс-әрекеттерді қалыптастыру негізінде оқуға қызығушылығын және ынтасын айтарлықтай арттыру, жалпы мәдени және тұлғалық дамуы үшін жағдайларды қамтамасыз ету.

Ақыл-ой кемістігі бар балаларды еңбекке баулудың ерекшелігі оқушылардың жалпы еңбек біліктерін (тапсырманы бағдарлау, жұмыстың барысын жоспарлау, оның орындалуын бақылау) дамыту үшін ерекше жағдайлар жасау болып табылады. Осы біліктіліктердің дамымай қалғандығы негізінен зерде кемістігі бар оқушылардың еңбек әрекетінің басты кемшілігі - оның дербестігінің төмендігін анықтайтыны белгілі. Сондықтан жалпы еңбек біліктерін дамыту үшін арнайы жағдай жасау шешуші түрде түзету-дамытушылық міндеттерді шешудің табыстылығын анықтайды. Оқушылардың тапсырманы орынды орындауы мынадай жолдармен жүзеге асырылады:

1) оқушылардың ұқсас бұйымдарды немесе жұмыстарды талдау тәжірибесін алу есебінен ұқсас іс-әрекеттерді орындауда көмек беруді қысқарту;

2) әр түрлі көрнекі құралдарды: нақты объектіні (бұйымның үлгісін, оның техникалық суреттегі, эскиздегі, сызбадағы көрінісін) пайдалана отырып, тапсырманы бағдарлауды үйрету;

3) тапсырманы бағдарлау процесіне есептеу және өлшеулерді қосу;

4) ауызша және жазбаша нұсқаулықтарды қолдана отырып, тапсырманы бағдарлауды үйрету.

«Кәсіби еңбекке баулу» пәні аясында **оқытудың нәтижелерін бағалау** мақсатты тұжырымдауға негізделген критериалды бағалауды қолдана отырып, жүзеге асырылады.

Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың еңбекке баулу бағдарламасын игеру нәтижелері оқытудың аяқталған кезінде қорытынды нәтижелер ретінде бағаланады.

Білім алушылардың бағдарламаны меңгеруі олардың екі түрлі нәтижелерге қол жеткізуін көздейді: жеке тұлғалық және пәндік.

Жоспарланған нәтижелер құрылымында жеке тұлғалық нәтижелер жетекші орынға ие, өйткені дәл осы нәтижелер қазіргі заманғы білім берудің негізгі мақсатына – ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларды мәдениетке енгізу, олардың әлеуметтік мәдени тәжірибені меңгеруі – жету үшін қажетті әлеуметтік (өмірлік) құзыреттердің кешенін меңгеруді қамтамасыз етеді:

Тұлғалық нәтижелер білім алушының жеке тұлғалық қасиеттері мен әлеуметтік (өмірлік) құзыреттерін, әлеуметтік маңызы бар құндылықты мақсаттарын қамтиды.

Тұлғалық нәтижелерге мыналар жатады:

1) өзін Қазақстанның азаматы ретінде сезіну; өз Отаны үшін мақтаныш сезімінің қалыптасуы;

2) өзгенің пікіріне, басқа халықтардың тарихы мен мәдениетіне құрметпен қарауға тәрбелеу;

3) өз мүмкіндіктері туралы, өмірдегі қажеттіліктер туралы адекватты түсініктерінің қалыптасуы;

4) үнемі динамикалық өзгерістегі және дамушы әлемде бейімделудің алғашқы дағдыларын меңгеру;

5) күнделікті өмірде пайдаланылатын әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларды меңгеру;

6) коммуникация дағдыларын және әлеуметтік өзара әрекеттің қабылданған нормаларын меңгеру;

7) әлеуметтік орта, ондағы өз орнын түсіну қабілеті, жасына сәйкес келетін құндылықтар мен әлеуметтік рөлдерді қабылдауы;

8) білім алушының әлеуметтік рөлін қабылдауы және меңгеруі, оқу әрекетіндегі әлеуметтік маңызы бар мотивтертерінің көрінуі;

9) әр түрлі әлеуметтік жағдайларда ересектермен және құрдастарымен ынтымақтастық дағдыларының қалыптасуы;

10) эстетикалық қажеттіліктерін, құндылықтары мен сезімдерін тәрбиелеу;

11) этикалық сезімдерінің дамуы, мейірімділік, эмоционалдық-адамгершілік ықыласының және өзара көмек сезімдерінің көрінуі, басқа да адамдардың сезімдерімен санасуы;

12) қауіпсіз, салауатты өмір салтына ұстанымының қалыптасуы, шығармашылық еңбекке, нәтижелі жұмысқа, материалдық және рухани құндылықтарға ұқыпты қарауға ынтықтасының болуы;

13) өз бетінше өмір сүруге дайындығының көрінуі.

Пәндік нәтижелер оқушылардың «Кәсіби-еңбекке баулу» пәніне тән білім мен біліктерді игеруін, оларды қолдануға дайындығын қамтиды. Пәндік нәтижелер, бағдарламаны меңгерудің екі деңгейін анықтайды: минималды және жеткілікті.

Минималды деңгей ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың көпшілігі үшін міндетті болып табылады. Сонымен қатар, еңбек пәнінен жекелеген оқушылардың бұл деңгейге қол жеткізе алмауы, бағдарламаның бұл нұсқасы бойынша олардың білім алуына кедергі болып табылмайды. Егер оқушы пәндік нәтижелерді меңгерудің минималды деңгейіне жете алмаса, онда білім беру ұйымы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның (ПМПК) ұсынысымен және ата-аналары (заңды өкілдері) келісімімен оқушыны жеке бағдарлама бойынша оқытуға ауыстыра алады.

7-9 сыныптарда «Кәсіби-еңбекке баулу» пәні бойынша пәндік нәтижелерді меңгерудің минималды және жеткілікті деңгейлері:

Минималды деңгей:

1) кейбір материалдардың, олардан жасалған және тұрмыста, ойында, оқуда, демалыста қолданылатын бұйымдардың атауларын білу;

2) пайдаланылатын материалдардың негзгі қасиеттері туралы түсініктердің болуы;

3) материалдарды сақтау ережелерін, өндірістік материалдармен жұмыс істеу кезінде санитарлық-гигиеналық талаптарды білу;

4) жұмыс істеу үшін қажетті материалдар мен құрал-саймандарды (мұғалімнің көмегімен) іріктеу;

5) машинаның жалпы құрылысы және оның негізгі бөліктері, іс-әрекеттері туралы (кез келген заманауи машиналарды: металл кескіш станок, тігін машинасы, тоқыма станогі, атокөлік, трактор және т.б. оқып-үйрену мысалында) түсініктердің болуы;

6) құрал-саймандармен және құрал-жабдықтармен жұмыс істеу қауіпсіздігі, жұмыс орындау кезіндегі санитарлық-гигиеналық талаптар туралы түсініктердің болуы;

7) көп таралған өндірістік технологиялық процестердің (тігу, аралау, сүргілеу және т.б.) негізінде жатқан базалық біліктерге ие болу;

8) бұйым жасау процесінде пайдаланылатын технологиялық картаны (мұғалімнің көмегімен) оқу;

9) әр түрлі кәсіптік еңбектер (ағаш өңдеу, металл өңдеу, тігін, сырлау, қатырма қағаз түптеме жұмыстары, аяқ киім жөндеу және өндірісі, ауыл шаруашылық еңбегі, гүл өсіру және т.б.) туралы түсініктердің болуы;

10) еңбектің мәнін және құндылығын түсіну;

11) еңбектің сұлулығын және оның нәтижелерін түсіну;

12) қоғамдық мүлікке және туған табиғатқа қамқорлық пен ұқыптылық;

13) ішкі тәртіпті қамтамасыз ететін мектептегі жұмыс орнын ұйымдастырудың маңыздылығын түсіну;

14) өзінің және бөтен адамның шығармашылық іс-әрекеті нәтижелеріне көңілін білдіру;

15) топпен бірлескен жұмыс (мұғалімнің жетекшілігімен) ұйымдастыру;

16) еңбек тапсырмаларын орындау процесінде тәртіп пен ұқыптылықты сақтау қажеттілігін ұғыну;

17) достарының ұсыныстары мен пікірлерін тыңдау, оларға бірдей ден қою;

18) достарының жетістіктеріне тілектестік нысанда түсінік беру және бағалау, өз ұсыныстары мен тілектерін айту;

19) достарының іс-әрекеттеріне және олардың жұмыстарының нәтижелеріне мүдделі көсқарас таныту;

20) еңбек сабақтарынан кейін шеберхананы жинау бойынша қоғамдық тапсырмаларды орындау;

21) аумақты абаттандыру мен көгалдандыруға мүмкіндігінше қатысу; табиғатты және қоршаған ортаны қорғау;

Жеткілікті деңгей:

1) әр түрлі материалдардың мүмкіндіктерін (мұғалімнің көмегімен) анықтау, оларды заттық-практикалық қызметтеріне байланысты, олардың физикалық, сәндік-көркемдік және сындарлы қасиеттеріне сәйкес (мұғалімнің

көмегімен) мақсатты таңдап алу;

2) материалдарды үнемді жұмсау;

3) алда тұрған практикалық жұмысты (мұғалімнің көмегімен) жоспарлау;

4) материалдардың қасиеттері мен алға қойған мақсаттарға байланысты материалдарды қолмен және машинамен өңдеудің оңтайлы әрі қолжетімді технологиялық тәсілдерін білу;

5) орындалатын практикалық іс-әрекеттерге ағымдық өзін-өзі бақылауды жүзеге асыру және практикалық жұмыс барысын түзеу;

6) еңбек ету саласындығы өз жетістіктерін, өз еңбегінің қоғамдық маңыздылығын түсіну.

Минималды деңгей:

1) материалдардың атауларын; олардың дайындалу процесін; олардан дайындалатын бұйымдарды және тұрмыста, ойында, оқуда, демалыста қолданылатынын білу;

2) материалдардың қасиеттерін және сақтау ережелерін; өндірістік материалмен жұмыс істеу кезінде санитарлық-гигиеналық талаптарды білу;

3) машинаның жалпы құрылғыларын және оның негізгі бөлшектерін, қызмет атқару принциптерін (кез келген заманауи машиналар: метал кескіш станок, тігін машиналары, тоқыма станогы, автокөлік, трактор және т.б. оқып-үйрену мысалында) білу;

4) құрал-саймандармен, құрал-жабдықтармен жұмыс істеу қаіпсіздік ережесін, жұмыс ісеу кезіндегі санитарлық-гигиеналақ талаптарды білуі және қолдануы;

5) заманауи өнеркәсіптік және ауыл шаруашылығы өндірісі, құрылыс, көлік, қызмет көрсету саласы негіздерін меңгеру;

6) бұйымды жасау процесінде пайдаланылатын технологиялық картаны оқу;

7) стандартты жұмыс жоспарын жасау;

8) заттардың, бұйымдардың пайдакүнемдік және эстетикалық құндылықтарын анықтау;

9) еңбектің сұлулығы мен оның нәтижелерін түсіну және бағалау;

10) тұрмыста, үйде, мектепте эстетикалық бағдарларды/эталондарды пайдалану;

11) қоғамда белгіленіп, эстетикалық регламенттелуіне сәйкес заттарды эстетикалық бағалау және оларды күнделікті өмірде пайдалану;

12) топта рөлдерді бөлу, ынтымақтастық, өзара көмекті жүзеге асыру;

13) өз қызметін әрі бірлескен жұмыс ұйымдастыру кезінде достарының және педагогтің пікірлерін еске алу;

14) достарының жетістіктеріне тілектестік нысанда түсінік беру және бағалау;

15) аумақты абаттандыру мен көгалдандыруға; табиғатты және қоршаған ортаны қорғауға мүмкіндігінше қатысу.

Жеткілікті деңгей:

1) әр түрлі материалдардың мүмкіндіктерін саналы түрде анықтау,



оларды заттық-практикалық қызметтеріне байланысты, олардың физикалық, сәндік-көркемдік және сындарлы қасиеттеріне сәйкес мақсатты таңдап алуды жүзеге асыру;

2) алда тұрған практикалық жұмысты жоспарлау, өз әрекеттерін қойылған мақсатпен салыстыру;

3) құралды күйге келтіру мен ағымдағы жөндеуді жүзеге асыру;

4) материалдардың қасиеттері мен алға қойған мақсаттарға байланысты материалдарды қолмен және машинамен өңдеудің оңтайлы әрі қолжетімді технологиялық тәсілдерін іріктеп алу;

5) қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін тұтынушылық құны мен маңызы бар материалдық құндылықтар жасау;

6) мақсатты жүзеге асыру үшін алда тұрған жұмыстың міндеттері мен оңтайлы іс-әрекеттер реттілігін өздігінен анықтау;

7) соңғы нәтижені болжау және оған жету үшін жұмыстың құралдары мен тәсілдерін өздігінен іріктеп алу;

8) қоғамдық-ұйымдастырушылық еңбектің кейбір түрлерін меңгеру (жұмыс тобының бригадирі, сынып старостасы, бөлімше бастығы және т.б. міндетін атқару);

9) еңбек ету саласындығы өз жетістіктерін, өз еңбегінің қоғамдық маңыздылығын түсіну; өзін-өзі бағалау қабілеті;

10) заттық әлемнің табиғат дүниесімен үйлесімді қатар өмір сүру қажеттілігін түсіну.

Ақыл-ой кемістігі бар оқушыларды еңбекке баулу бағдарламаларының үлгілік мазмұны. 7-9-сыныптардағы еңбекке баулу бойынша бағдарламасы өндірістік материалдарды қолмен және машинамен өңдеу технологиясы бойынша оқушылардың негізгі білімдері мен біліктерінің мазмұнын және деңгейін анықтайды, осыған байланысты еңбекке даярлау бағдарының жобаланған тізбесі анықталып отыр: «Ағаш шеберлігі ісі», «Слесарлық іс», «Қатырма қағаз түптеу ісі», «Тігін ісі», «Ауыл шаруашылық еңбегі», «Кіші қызмет көрсету қызметкерін даярлау», «Гүл өсіру және сәндік бау-бақша шаруашылығы», «Көркем еңбек» және т.б. Сондай-ақ, бағдарламаның мазмұнына еңбек сабағын ұйымдастыру элементтері туралы бастапқы мәліметтер енгізілген.

Бағдарламаның құрылымын, білім беру ұйымының бір немесе басқа бейінді оқытуды таңдауына қарамастан келесі міндетті мазмұндық желілер құрайды.

1-бөлім. «Материалтану. Құрал-саймандар мен жабдықтар».

Еңбек іс-әрекеттеріне пайдаланылатын негізгі материалдар тізімі, олардың негізгі қасиеттері. Материалдардың шығу тегі (табиғи, өнеркәсіппен өндірілетін және т.б.). Қол еңбектің қарапайым құралдары, қолдан жасалған, станоктар және басқалар. Құрылғы, баптау, құралдар мен жабдықтарды жұмысқа дайындау, жөндеу, құралдарды сақтау. Құралдар мен жабдықтардың қасиеттері – еңбектің сапалығы және өнімділігі. Құралдар мен материалдарды пайдалану ережелері, тыйым салулар мен шектеулер. Қауіпсіздік техникасы бойынша нұсқаулықтар (жұмыстар жүргізу кезіндегі өзін ұстау ережесі).

Жұмыс орнын ұйымдастыруға қойылатын талаптар. Кәсіптік ұстану ережесі.

2-бөлім. «Еңбек заттарын дайындау технологиясы»: бейінді еңбек заттары; негізгі кәсіби операциялар мен іс-әрекеттер; технологиялық карталар. Педагогтың басшылығымен немесе өз бетінше жекелеген еңбек операцияларын орындау және стандартты заттар әзірлеу. Қарапайым нақты білімдерді және (немесе) шектеулі арнайы білімдерді қолдану. Еңбек заттарын дайындаудың технологиялық картасын әзірлеу. Технологиялық карталарды өз бетінше оқуға және олардың көмегімен заттарды дайындауға ұмтылу. Негізгі кәсіби операцияларды және іс-әрекеттерді жетілдіру. Нұсқаулық бойынша іс-әрекет тәсілін таңдау. Іс-әрекеттердің орындалуын есепке ала отырып оларға түзетулер енгізу. Дербестік элементтерімен стандартты тапсырмаларды орындау. Сынақ бұйымдарын өз бетінше дайындау.

3-бөлім. «Еңбек заттарын презентациялау, талдау және бағалау»; еңбек тапсырмасының дұрыс орындалуын бақылау. Дайындау технологиясына қойылатын талаптардың және қауіпсіздік ережелерінің орындалуы. Орындалған жұмыстың құндылығын және кемшіліктерін бөліп көрсету. Техникалық терминологияны қолдану. Өзін өзі бағалау. Бірін бірі бағалау.

Бейін аясында жүзеге асырылатын және меңгерілетін технологиялық неғұрлым күрделі бұйымдарды дайындау және операциялар номенклатурасын кеңейту арқылы, жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың кәсіби дайындығын жетілдіру 10-шы (өндірістік) сыныпта «Кәсіби-еңбекке баулу» пәніне оқытудың мақсаты болып табылады.

7-9 сыныптардағы кәсіби еңбекке баулудың оқу мақсаттары:

1) тұлғаның әлеуметтік құнды қасиеттерін дамыту (еңбек етуге қажеттілік, еңбекқорлық, еңбек адамдарына құрмет, қоғамдық белсенділік және т.с.с.);

2) міндетті қоғамдық пайдалы, өндірістік еңбекке оқыту; оқушыларды үйде, отбасында және тұрғылықты жеріне байланысты қолжетімді еңбек түрлерін орындауға дайындау;

3) адам әрекетінің заттық-түрлендірушілік өнімі ретіндегі материалдық мәдениет туралы білімін кеңейту;

4) мәдени дүниетанымын кеңейту, заттар әлеміндегі мәдени-тарихи дәстүрлер туралы білімді молайту;

5) материалдар мен олардың қасиеттері, қолдану технологиялары туралы білімін кеңейту;

6) еңбекқор адам рөлімен және оның заманауи өндірістегі орнымен таныстыру;

7) жаппай жұмысшы мамандықтарымен таныстыру, белгілі бір еңбек түріне тұрақты қызығушылықты қалыптастыру, мамандықты саналы түрде таңдауға ынталандыру және алғашқы бейіндік еңбекке дайындықтан өту;

8) мектептегі еңбекке оқытудың бейініне байланысты өндіріс, өндірістік процесс құрылымы, өндірістік өнеркәсіптің әрекеті, жаппай мамандықтар бойынша еңбек ету жағдайлары мен мазмұны және т.с.с. туралы түсініктерін қалыптастыру;

9) әр түрлі бейіндер бойынша жағдайлар және мазмұнымен танысу, оқушылардың денсаулық жағдайы мен дене мүмкіндіктеріне сәйкес мектептің оқу-өндірістік шеберхана жағдайында таңдалған бір бейін бойынша практикалық жұмыс барысында өз күшін сынау;

10) еңбек дағдылары мен іскерліктерін, қоғамдық пайдалы өндірістік еңбекке қатысуға қажетті техникалық, технологиялық, конструкторлық және алғашқы экономикалық білімді қалыптастыру;

11) еңбек пен жұмыс орнын ғылыми ұйымдастыру, еңбек әрекетін жоспарлау туралы білімді қалыптастыру;

12) заттық-түрлендіру әрекетінде әр түрлі материалдарды қолданудың практикалық іскерліктері мен дағдыларын жетілдіру;

13) танымдық психикалық процестерді (қабылдау, есте сақтау, қиял, ойлау, сөйлеу тілі) түзету және дамыту;

14) ойлау әрекетін (анализ, синтез, салыстыру, классификация, жалпылау) түзету және дамыту;

15) практикалық іскерліктерді қалыптастыру процесінде сенсомоторлық процестерді түзету және дамыту;

16) әрекеттің реттеушілік қызметін дамыту (мақсатты қою, жоспарлау, іс-әрекеттер мен оның нәтижелерін қойылған мақсатқа сәйкес бақылау және бағалаудан тұрады);

17) ақпараттық сауаттылықты, әр түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей алу іскерлігін қалыптастыру;

18) коммуникативті мәдениетті қалыптастыру, белсенділік, мақсатқа бағыттылық, бастамашылдықты дамыту.

10 (өндірістік) сыныпта кәсіби еңбекке баулудың оқу мақсаттары:

1) адам әрекетінің заттық-түрлендірушілік өнімі ретіндегі материалдық мәдениет туралы білімін кеңейту;

2) мәдени дүниетанымын кеңейту, заттар әлеміндегі мәдени-тарихи дәстүрлер туралы білімді молайту;

3) материалдар мен олардың қасиеттері, қолдану технологиялары туралы білімін кеңейту;

4) заманауи өндіріспен және оның адамға қоятын талаптарымен таныстыру;

5) еңбек дағдылары мен іскерліктерін, өндірістік еңбекке қатысуға қажетті техникалық, технологиялық, конструкторлық және алғашқы экономикалық білімді жетілдіру;

6) кәсіби әрекетте әр түрлі материалдарды қолданудың практикалық іскерліктері мен дағдыларын жетілдіру;

7) танымдық процестер, тұлға аралық қарым-қатынас, кәсіби тәртіп пен басқаларын түзету және дамыту;

8) әрекеттің реттеушілік қызметін дамыту (мақсатты қою, жоспарлау, іс-әрекеттер мен оның нәтижелерін қойылған мақсатқа сәйкес бақылау және бағалаудан тұрады);

9) ақпараттық сауаттылықты, әр түрлі ақпарат көздерімен жұмыс істей алу іскерлігін қалыптастыру;

10) белсенділікті, мақсатқа бағыттылықты, бастамашылдықты дамыту.

7-9 сыныптарда еңбексүйгіштікті, оқуға, еңбекке, өмірге белсенді қарым-қатынасты тәрбиелеу мақсаттары:

1) негізгі мамандықтар туралы қарапайым түсініктер;

2) үлкен және кіші жолдастар, құрдастардың еңбегі мен шығармашылығын құрметтеу;

3) оқу және оқу-еңбектік тапсырмаларды орындауда тәртіптілікті, бірізділікті және табандылықты таныту;

4) өз еңбегінің, басқа адамдардың еңбегінің нәтижелеріне, мектеп меншігіне, оқулықтарға, жеке заттарға ұқыпты қарым-қатынас;

5) алдағы әрекет түріне сәйкес жұмыс орнын ұйымдастыру;

6) еңбек пен оқудағы жалқаулық пен салақтыққа, адам еңбегінің нәтижелеріне қатысты ұқыпсыздыққа теріс қарым-қатынас.

10 (өндірістік) сыныпта еңбексүйгіштікті, оқуға, еңбекке, өмірге белсенді қарым-қатынасты тәрбиелеу мақсаттары:

1) адам мен қоғамның өмірінде білім, ғылым, заманауи өндірістің рөлі туралы қарапайым түсініктер;

2) оқудың адамгершілік негіздері, адам мен қоғамның өмірінде еңбек пен еңбек әрекетінің мәні, білім берудің жетекші рөлі туралы түсініктер.

Еңбекке оқытудың оқу жүктемесінің көлемі:

1) 7 сыныпта – аптасына 10 сағат, оқу жылында 340 сағат;

2) 8 сыныпта – аптасына 10 сағат, оқу жылында 340 сағат;

3) 9 сыныпта – аптасына 12 сағат, оқу жылында 408 сағат;

4) 10 (өндірістік) сыныпта – аптасына 22 сағат, оқу жылында 748 сағат.

## Қорытынды

Кәсіби еңбекке оқыту ерекше білім беруге қажеттілігі бар, оның ішінде ақыл-ой кемістігі бар балалар мен жасөспірімдерге жалпы білім берудің маңызды бағыты ретінде қарастырылады. Ол балалардың қызмет көрсету, өндірістік еңбек немесе кәсіп саласында дербестікті арттыруға, сондай-ақ еңбекпен қамтылу, дербес өмір сүру әлеуметтенудің маңызды міндеттерін шешу мүмкіндіктерін жүзеге асыруға бағытталған.

Мүмкіндігі шектеулі балаларды кәсіби еңбекке дайындау саласында шетелдік және отандық тәжірибені зерттеу бұл сұрақты жан-жақты қарастыру үшін мақсатты ғылыми-әдіснамалық жұмыстың қажеттілігін көрсетті. Сонда да, республикамыздың арнайы білім беру ұйымдарының практикалық тәжірибесінің негізінде, Түзеу педагогикасының Ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғылыми қызметкерлері жұмысының нәтижелерін есепке ала отырып кәсіби еңбекке баулудың оқу бағдарламаларын келесі бағыттарда әзірлеу ұсынылады [1,2]:

- тігін ісі;
- тоқу (қолмен, машинамен);
- ағаш ұсталық іс;
- слесарлық іс;
- аяқ-киім ісі;
- ауылшаруашылық еңбек;
- сылақ-майлау ісі;
- ас үй жұмысшысы (аспаз көмекшісі);
- ҮМИК жұмысшысы (аула сыпырушы);
- гүлбап-көгалдандырушы;
- түптеу-картонаж ісі;
- қызмет көрсетуші кіші қызметкер (ішкі бөлмелерді тазалаушы);
- кіші медициналық қызметкер;
- жануарлар күтімі бойынша жұмысшы;
- тері илеу ісі.

Арнайы білім беру ұйымдарында мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу мен оқыту процесін ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктерін зерттеу, жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар оқушыларға арналған үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, арнайы білім беру ұйымдарының практикалық тәжірибесін кешенді талдау ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды кәсіби еңбекке оқыту бойынша оқу бағдарламаларына қойылатын бірқатар талаптарды белгілеуге мүмкіндік берді. Бағдарламалар келесіні есепке алу керек:

- қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының заманауи сұраныстарына сәйкес білім беру мазмұнын жаңарту;

– оқу бағдарламасы оқытудың әр кезеңінде жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың психофизикалық даму заңдылықтарына, жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне сәйкес болу;

– оқудың жеке траекториясын құру мен оқытудың табысты ортасын жасауға мүмкіндік беретін оқу жетістіктерінің деңгейлерін сипаттау арқылы танымдық қабілеттері әр түрлі балалардың барлығы үшін қолжетімді білім беру;

– оқу-танымдық, практикалық және шығармашылық әрекетті қалыптастыру, әрекеттік компонентті (жобалық-зерттеушілік, рефлексивті және коммуникативті іскерліктерді меңгеру) күшейтуге бағдарлану;

– білім беру мазмұнының тұтастығы мен сабақтастығы, ішкі және пәнаралық байланысты қалыптастыру;

– жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушылар үшін қамқорлық қорғау-педагогикалық тәртіпті қамтамасыз ететін білім берудің денсаулық сақтаушы қызметі;

– құзыреттілік тәсілді жүзеге асыруға бағдарлануы, яғни мүмкіндігі шектеулі оқушылардың шынайы өмірде практикалық міндеттерді шешу үшін алған білімін қолдануға қабілеті мен дайындығын қалыптастыру;

– еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықты алуға бағытталу және ақыл-ой кемістігі бар тұлғаларды жұмыспен қамту мүмкіндігі.

Жалпы алғанда, кәсіби еңбекке дайындықтың оқу бағдарламаларын жоғарыда аталған талаптар мен ұсыныстарды есепке ала отырып әзірлеу бұл бағдарламаларды арнайы мектеп жағдайында да, инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын жалпы білім беретін орта мектебі жағдайында да қолдануға ықпал етеді.

## Глоссарий

*арнайы білім беру* – мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы жағдайлар жасай отырып берілетін білім;

*арнайы білім беру бағдарламалары* – мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытуға арналған бағдарламалар;

*арнайы білім беру ұйымы* – бұл мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы жағдайлар жасауды, техникалық құралдармен, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік қызмет көрсетулерді, оқыту мен тәрбиелеудің арнайы бағдарламалары мен әдістерін, диагностикалау мен консультация беруді қамтамасыз ететін білім беру ұйымы

*білім алу үшін арнайы жағдайлар* – мүмкіндігі шектеулі балалардың оларсыз жалпы білім беретін оқу және білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, арнайы оқу бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілігін, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар;

*әлеуметтік бейімдеу* – мүмкіндігі шектеулі балалардың құндылықтар, ережелерді қабылдау мен меңгеру жолымен белсенді икемделуі;

*ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалар* – денсаулығына байланысты білім алуда ұдайы немесе уақытша қиындық көріп жүрген, арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын қажет ететін адамдар.

### *Анықтамалар мен қысқартулар*

ОӨК – оқу-өндірістік комбинат;

ПМПК – психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация;

ҮМИК – үй меншік иелерінің кооперативі

## Қолданылған дереккөздер тізімі

### Негізгі дереккөздер:

1. *Сухарева, Г. Е.* Клинические лекции по психиатрии детского возраста: В 3-х т. Т. 3. Клиника олигофрении / Г. Е. Сухарева. — М. : Медицина, 1965. — 335 с.
2. *Лебединский, В. В.* Нарушения психического развития в детском возрасте : учеб. пособие для студ. психол. фак. высш. учеб. заведений. — М.: Издательский центр «Академия», 2003. — 144 с.
3. *Петрова, В. Г., Белякова, И. В.* Психология умственно отсталых школьников: учеб. пособие для студ. высш. пед. учеб. заведений / В. Г. Петрова, И. В. Белякова. — М.: Издательский центр «Академия», 2002. — 160 с.
4. *Рубинштейн, С. Я.* Психология умственно отсталого школьника: учеб. пособие для студентов пед. ин-тов по спец. № 2111 «Дефектология». — 3-е изд., перераб. и доп. — М. : Просвещение, 1986. — 192 с.
5. *Шпек О.* Люди с умственной отсталостью: обучение и воспитание/ О. Шпек. — М.: Академия , 2003. — 427 с.
6. Международная статистическая классификация болезней и проблем, связанных со здоровьем. Десятый пересмотр: в 3-х т. Т. 1 (часть 1). — Женева: Всемирная организация здравоохранения, 1995. — 698 с.
7. *Чуркин, А. А.* Краткое руководство по использованию МКБ-10 в психиатрии и наркологии / А. Н. Мартюшов, А. А. Чуркин. — М.: Издательство «Триада-Х», 2000. — 232 с.
8. *Старобина, Е. М.* Профессиональная подготовка лиц с умственной отсталостью: метод. пособие / Е. М. Старобина. — М.: Изд-во НЦ ЭНАС, 2003. — 120 с.
9. *Айдарбекова А.А.* Организационные основы профессионально-трудовой подготовки детей и подростков с особыми образовательными потребностями. Методические рекомендации – Алматы, 2016
10. *Айдарбекова А.А, Ермекбаева Л.Х., Дербисалова Г.С. Самигулина З. Г.* Организация профориентационной работы с детьми и подростками с ограниченными интеллектуальными возможностями. 1 часть. – Алматы, 2012.

### Қосымша дереккөздер:

11. Воспитание и обучение детей во вспомогательной школе / под ред. В.В.Воронковой. – М., 1994
12. *Выготский Л. С.* Основы дефектологии / Под ред. Т. А. Власовой // Собр. соч.: В 6 т. -М., 1983.-Т. 5.
13. *Дульнев Г.М.* Основы трудового обучения во вспомогательной школе. М.: Педагогика, 1969.
14. *Дульнев Г.М.* Учебно-воспитательная работа во вспомогательной школе / Под ред. Т. А. Власовой, В. Г. Петровой. - М, 1982.



15. *Ерёменко И. Г.* Олигофренопедагогика/И.Г. Еременко. -Киев; 1985.
16. *Ковалева Е.А.* Методика обучения сельскохозяйственному труду во вспомогательной школе. – М., - 1985
17. *Мирский С.Л.* Индивидуальный подход к учащимся вспомогательной школы в трудовом обучении - М., - 1990
18. *Мирский С.Л.* Методика профессионально-трудового обучения во вспомогательной школе. – М., - 1988
19. *Мирский С.Л.*Формирование знаний у учащихся вспомогательной школы на уроках труда. – М., 1992
20. *Пинский Б.И.* Психология трудовой деятельности учащихся вспомогательной школы М.: Педагогика, 1977. 125с.
21. *Турчинская К.М.* Профориентация во вспомогательной школе. К.: Рад школа, 1976.

## Негізгі орта білім деңгейінің 7-9 (10) сыныптарының жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларына арналған «Кәсіби еңбекке баулу» пәнінің типтік оқу бағдарламасының ҮЛГІСІ

### 1. Жалпы ережелер

1. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті орта білім беру (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) стандартына сәйкес әзірленген және жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың білім алуындағы ерекше қажеттіліктері ескерілген.

2. Бұл бағдарлама бастауыш және негізгі орта мектептегі «Жалпы еңбекке баулу» пәні бағдарламасының қисынды жалғасы болып табылады. «Кәсіби-еңбекке оқыту» пәнінің оқу бағдарламалары білім беруде ерекше қажеттілігі бар балаларға арнайы білім беруді дамытудағы қазіргі заманғы үрдістерді ескере отырып әзірленген. Бағдарламаны арнайы мектеп жағдайында және сонымен қатар, жеңіл ақыл-ой кемістігі бар балаларды оқытатын жалпы орта білім беру мектептерінде қолдану мүмкіндігі қарастырылады.

3. Оқушыларды еңбекке баулуды тиімді ұйымдастыру, бастапқы кәсіби дайындық беруді немесе дәрігерлік көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдерге сәйкес ұсынылған кәсіптің қолжетімділігіне, сонымен бірге еңбек нарығының қазіргі жағдайына қарай, кәсіби-техникалық білім алуға жағдай жасауды көздейді.

4. Арнайы мектептің 7-9 (10) сыныптарындағы оқыту мақсаты оқушылардың оқу-еңбек қызметін дамыту мүмкіндіктерін жүзеге асыруға, оларды бастапқы кәсіби дағдыларды алуға, кәсіби-техникалық білім беру ұйымдарында оқуға немесе тікелей өндірісте оқып үйренуге дайындауға негізделген.

5. Оқушыларды еңбекке баулу процесінде аталған мақсатты жүзеге асыру үшін келесі міндеттерді шешу қарастырылады:

1) Еңбекке қызығушылығын арттыру және тұлғаның еңбекке қажетті қасиеттерін қалыптастыру;

2) Еңбекке дағдыландыру және еңбекке төзімділігін қалыптастыру;

3) Оқытылатын технологиялық операцияларды тәжірибелік тұрғыда меңгеруге қажетті білімін қалыптастыру;

4) Тапсырманы ұғыну деңгейін дамыту бағытында біліктілігін арттыру, мақсатқа жетудегі және дербес еңбек етуге қажетті шарт ретінде оның орындалуын жоспарлау және бақылау;

5) Оқытылатын технологиялық операцияларды орындауды меңгерту, еңбек тәсілдеріне оқыту процесінде еңбектегі іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру;

6) Кәсіптегі өз орнын табуына ықпал жасау.

### 2. Оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдері

6. «Кәсіби-еңбекке оқыту» пәні бойынша оқу процесін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдерін жүзеге асыру, жеңіл ақыл-ой кемістігі бар оқушылардың білім алуындағы ерекше қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған арнайы педагогика принциптеріне негізделген.

7. Оқытылатын материал мен білім алушының практикалық іс-әрекетінің арасында тығыз байланыс орнатуды көздейтін практикалық бағыттылық принципі, білім мен біліктілікті қалыптастыруда, практикаға бағытталған міндеттерді шешуде бірінші кезектегі маңыздылыққа ие болады.

8. Тәрбиелей отырып оқыту принципі, адамгершілік көзқарас пен түсінік қалыптастыруға, әртүрлі әлеуметтік ортада өзін ұстай білуге үйретуге бағытталған.

9. Сабақтастық принципі, ақыл-ойының кемістігі бар білім алушыларды еңбекке баулудың барлық кезеңдерінде білім берудің үздіксіздігі мен өзара байланысын талап етеді: ерте жастан бастап ересек мектеп жасына дейінгі аралықта.

10. Білім беру мазмұнының біртұтастық принципі, оқу пәндері мен олардың құрамына кіретін жеке еңбек түрлері арасындағы өзара тәуелділік пен ішкі байланыстың болуын қамтамасыз етеді.

11. Білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескеру принципі, оқу-еңбек қызметінің мазмұнын және жеке бас жетістіктерінің нәтижесін анықтайды.

12. Ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың әртүрлі топтарындағы психикалық даму ерекшеліктерін ескеру принципі.

13. Түзетуге бағыттау принципі, оқу-еңбек қызметін жүзеге асыру процесінде оқушылардың ақыл-ой дамуындағы кемістігін барынша түзетуді мақсат етеді.

14. Әрекет етуін қалыптастыруға бағыттылық принципі, ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың оларға қолжетімді барлық еңбек әрекетінің түрлерін меңгеру мүмкіндігін, оқу және танымдық іс-әрекет жолдары мен тәсілдерін, коммуникативтік және нормативтік мінез-құлық қалыптастыруға бағытталған.

15. Оқу жағдайының барысында алған білім, білік, қарым-қатынас дағдыларын әртүрлі өмір жағдаяттарына алмастыру принципі, білім алушылардың өздігінен бағыт-бағдарын анықтауға және шынайы әлемде белсенді еңбек әрекетін іске асыра алуын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

16. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушыларға арналған еңбекке баулу бағдарламасын әзірлеуде саралай оқыту және оқытудың белсенді әдістері негізге алынған.

1) *Саралай оқыту* білім мазмұнын игеру мүмкіндіктерінің әртүрлі болуына қарай, олардың білім алудағы ерекше қажеттіліктерін ескеруге бағытталған. Оқу бағдарламасын дайындауда саралай оқыту әдісін қолдану мазмұнның көп жақтылығын қамтамасыз етеді, ақыл-ой кемістігі бар білім алушылар өздерінің жеке даму мүмкіндіктерін көрсете алады.

2) *Оқытудың белсенді әдістері* психология ғылымының теориялық қағидаларына сүйенеді, ақыл-ой кемістігі бар білім алушының жеке басының даму ерекшелігін ескере отырып, білім берудің құрылымы мен оның негізгі заңдылықтарын ашады. Білім берудегі оқытудың белсенді әдістері, мектеп жасындағы ақыл-ойының кемістігі бар білім алушының жеке басының дамуы үшін, оған қолжетімді іс-әрекетті (пәндік-практикалық және оқу) ұйымдастыру арқылы анықталады. Білім берудегі іс-әрекетті жүзеге асырудың негізгі құралы оқыту, білім алушылардың білім мазмұнын игеруін қамтамасыз ететін танымдық және пәндік-практикалық белсенді іс-әрекеттерді ұйымдастыру процесі болып табылады.

17. Ақыл-ой кемістігі бар балаларды еңбекке баулудың ерекшелігі, оқушылардың бойында жалпы еңбек дағдыларын қалыптастыру үшін арнайы жағдай жасау қажеттігінде – ғимаратта бағдарлау, жұмыс барысын жоспарлай алуы, оның орындалуын бақылау.

18. Оқушылардың ғимаратта бағдарлау дағдыларын дамыту келесі жолдармен жүзеге асырылады:

- 1) оқушылардың ұқсас бұйымдар немесе жұмыстарды саралай алу тәжірибесінің жинақталуына қарай, бағдарлаушы әрекеттерді орындау барысында көмек көрсетуді азайтып отыру;
- 2) әртүрлі көрнекі құрал түрлерін қолдану арқылы ғимаратта бағдарлауға үйрету: шынайы объект (бұйым үлгісі), техникалық суреттегі оның бейнеленуі, эскизде, сызбада;
- 3) ғимаратта бағдарлау процесіне өлшеу және есептеуді қосу арқылы;
- 4) ауызша және жазбаша нұсқаулықтарды қолдану арқылы ғимаратта бағдарлауға үйрету.

19. Оқушыларды оқытудағы түзете-дамыту бағыты, даму кемшілігінің табиғатын ескере отырып, ағзаның сақталған функциялары мен жүйелеріне сүйену арқылы білім беру процесін ұйымдастыруға бағытталған.

20. Түзете-дамыту бағыты оқу іс-әрекетінің арнайы әдіс-тәсілдерімен қамтамасыз етіледі:

- 1) оқу процесін баяулату;
- 2) оқу материалын көп рет қайталауға және әртүрлі жағдайларда қайталап айтуға мүмкіндік жасау;
- 3) білім алушылардың жас ерекшеліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, сараланған тапсырмалар әзірлеу;
- 4) пәнаралық бағыттағы сұрақтар мен тапсырмалар дайындау;
- 5) топта жұмыс жасауға жағдай туғызу, онда әрбір білім алушы команданың жетістігіне үлес қосу үшін түрлі рөлді орындайды;
- 6) ынтымақтастық және сенімділік орнату;
- 7) өз ойын дәлелдеуге және жеткізуге ынталандыратын жағдай туғызу;
- 8) білім алушылармен қолжетімді практикалық жұмыстарды жүргізе отырып, белсенді оқытуды ұйымдастыру;

21. Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар (АКТ) арнайы білім беру педагогының құралдар ауқымын кеңейтеді, дәстүрлі жабдықтардың көмегімен орындау мүмкін емес болып келген, түзету және дамыту мақсаттарын жүзеге асыруға қажетті оқыту жағдайын жасауға көмектеседі.

22. Сабақта АКТ келесі мақсатта қолдану ұсынылады:

1) Кез келген қажетті белгілік нысанда күрделі және жай көзбен бақыланбайтын таным объектілерін моделдеу, заттық мазмұндағы бір көріністі көрнекі түрде көрсету және сөз арқылы жеткізе отырып, бір тәсілден екіншісіне еркін ауысу;

2) шынайы кезеңде және кейіннен оқушылардың өз іс-әрекеттерін саралауы үшін қосымша динамикалық визуалды тірек құралын жасау; топтық оқыту жағдайында ұтымды жекелеген іс-әрекеттерді жүзеге асыру мүмкіндігін пайдалану; оқытуды дараландыру сапасын арттыру.

23. АКТ қолдану оқыту процесін дараландыруға мүмкіндік береді; сабақта жұмыстың мазмұнына қызығушылықтарын арттыру; білім алушылардың танымдық іс-әрекеттерін белсендіру; шығармашылық қабілеттерін дамыту.

24. АКТ оқу процесінде оқушылардың жұмыс қабілеттілігін ескере отырып, мөлшермен қолдану керек.

25. «Кәсіби-еңбекке оқыту» пәнінің шеңберінде оқыту нәтижелерін бағалау, мақсатқа негізделген критериялды бағалау жүйесін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

26. Жеңіл ақыл-ой кемістігі бар білім алушылардың еңбекке баулу бағдарламасын меңгеру нәтижесі білім алуды аяқтау сәтінде қорытынды бағаланады.

27. Білім алушылардың бағдарламаны меңгеруі екі түрлі нәтижеге қол жеткізуімен бағаланады: *жеке және пәндік*.

28. Жеке нәтижелеріне мыналар жатады:

1) өзін Қазақстан азаматы ретінде сезінуі; өз Отанына деген мақтаныш сезімін қалыптастыру;

2) басқаның пікірін, өзге ұлттардың тарихы мен мәдениетін құрметтеуге тәрбиелеу;

3) өмір сүруін қамтамасыз етуге аса қажетті, қолынан келетін өзінің жеке мүмкіндіктері туралы таным-түсінігін қалыптастыру;

4) үздіксіз өзгерістегі және даму үстіндегі әлемге бейімделудің алғашқы дағдыларын меңгеру;

5) күнделікті өмірде қолданылатын әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларды меңгеру;

6) коммуникативтік қарым-қатынас дағдыларын және бекітілген әлеуметтік қарым-қатынас нормаларын меңгеру;

7) әлеуметтік ортасын ұғыну қабілеті, ондағы өзінің орны, жасына сәйкес құндылықтар мен әлеуметтік рөлдерді қабылдауы;

8) білім алушының әлеуметтік рөлді қабылдауы және меңгеруі, оқу әрекетінің әлеуметтік маңызды себебін көрсете алуы;

9) әртүрлі әлеуметтік ортадағы жағдайларда үлкендермен және өзінің құрбыларымен ынтымақтастық орнату дағдыларының қалыптасуы;

10) эстетикалық құндылықтарға, қажеттіліктерге және сезінуге тәрбиелеу;

11) этикалық сезімін дамыту, мейірімділік танытуы, эмоционалдық-адамгершілік қайырымдылығы және өзара көмек беруі, басқа адамдардың сезімін бөлісе алуы;

12) қауіпсіздік, салауатты өмір салты ұстанымдарының қалыптасуы, шығармашылық еңбекке ынтымақтың болуы, нәтижеге жұмыс істеуі, материалдық және рухани құндылықтарға ұқыпты қарауы;

13) өз бетінше өмір сүруге дайындығы.

29. *Пәндік нәтижелері* білім алушылардың «Еңбекке баулу» пәнінің ерекшеліктеріне тән, білім мен біліктілікті меңгеруін, оларды қолдануға дайындығын қамтиды. Пәндік нәтижелер бағдарламаны игерудің екі деңгейін қамтиды: шекті және жеткілікті.

30. Шектік деңгей ақыл-ой дамуының кемістігі бар білім алушылардың көпшілігі үшін міндетті болып табылады. Сонымен бірге, жекелеген білім алушылардың еңбектен бұл деңгей бойынша жетістігінің болмауы, бағдарламаның бұл нұсқасына сәйкес білім алуларына кедергі болмайды. Егер, білім алушы пәндік нәтижелері бойынша шектік деңгейді игермеген болса, онда психологиялық-медициналық-педагогикалық комиссия қорытындысымен және ата-анасының (заңды өкілдерінің) келісімімен ұйымда білім алушыны жеке дамыту бағдарламасымен оқытуға ауыстыруға болады.

31. Әр деңгейдің мақсатына сәйкес, тақырыптар бойынша бақылау-зерделеу тапсырмалары әзірленеді. Бақылау-зерделеу тапсырмаларын орындау нәтижелері оқушының жетістігін бағалау картасында көрсетіледі және оқушыларға жекелеп назар аударуға негіз болады.

32. Сапалы білім беруді ұйымдастыру үшін және кәсіби-еңбекке тиімді оқыту үшін еңбек кабинеттері санитарлық-гигиеналық талап нормаларын ескере отырып, тиісті құрал-жабдықтармен жасақталған болуы қажет.

### **3. «Кәсіби еңбекке баулу» оқу пәнінің мазмұнын ұйымдастыру**

33. «Кәсіби-еңбекке оқыту» пәнінің оқу жүктемесі төмендегідей:

1) 7 сыныпта – аптасына 10 сағат, оқу жылында 340 сағат;

2) 8 сыныпта – аптасына 10 сағат, оқу жылында 340 сағат;

3) 9 сыныпта – аптасына 12 сағат, оқу жылында 408 сағат;

4) 10 (өндірістік) сыныпта – аптасына 22 сағат, оқу жылында 748 сағат.

34. Көркем еңбек бағдарламасындағы оқу материалдары, оқушылардың біртіндеп дербестігін арттыруға бағытталған белгілі бір жүйеде орналастырылған. Сабақтың нақты мақсаттарына сәйкес, мұғалім жаңа танымдық ақпараттарды беруге немесе оларды қайталауға, жаттығуларға, өзіндік практикалық жұмысқа әртүрлі уақыт бөлуі тиіс.

35. Мұғалім күнтізбелік жоспарын сыныптағы оқушылардың мүмкіндіктеріне қарай, қажетті материалдардың қорына сәйкес жасауы керек. Осыған байланысты мұғалімнің жоспары бойынша өтілген сабақтардың бағдарламада берілген тақырыптар ретімен сәйкес келмеуі мүмкін. Жұмыс объектісі ауыстырылуы мүмкін, бірақ мұғалім тақырыпты ауыстыру барысында еңбек түрінің деңгейі мен жекелеген объектілердің орындалуын ескеруі тиіс.

36. Бағдарламаның көптеген тақырыптары ұжымдық жұмыс орындаумен аяқталады. Мұндай жұмыстарға сынып оқушыларының жасаған бұйымдарын қолдана отырып дайындаған макеттерді жатқызуға болады: панно, балалармен бірге таңдалған композиция, сурет.

37. Осындай шығармашылық жұмыстардың үлкен тәрбиелік мәні бар, себебі оқушылар бірге еңбектенуге машықтанады, жалпы жұмыстың нәтижесіне қосқан үлесінің маңыздылығын анықтай алады. Тақырыпты өтердің алдында осындай жұмыстардың мақсатын көрсетіп және оны талдау, оқушылардың ынтасын арттырады, еңбекке оқыту процесінің өзін оңтайландырады.

38. «Кәсіби-еңбекке оқыту» оқу пәнінің мазмұны (көркем еңбек) бөлімдерден тұрады. Әр тарауда көрсетілген оқу мақсаттары, мұғалімге өзінің жұмысын жүйелі жоспарлауға және оқушылардың жетістіктерін бағалауға, сонымен бірге оқытудың келесі кезеңдері туралы оларға ақпарат беріп отыруға мүмкіндік береді.

39. «Кәсіби-еңбекке оқыту» оқу пәнінің мазмұны (көркем еңбек) келесі еңбек түрлерін қамтиды:

«Көркем құрастыру», «Кескін өнері», «Матамен жұмыс», «Апликация», «Папье-маше», «Макраме», «Жіппен бейнелеу тәсілі», «Жұмсақ ойыншық», «Тоқу», «Терімен жұмыс».

40. Білім ұйымының материалдық мүмкіндіктері мен жергілікті дәстүрлерге байланысты көркем еңбек түрлерін мұғалім өз еркінше толықтыра алады.

41. Бағдарламадағы оқу мақсаттары кодпен берілген. Кодтағы бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бағдарламаның бөлімі мен тарауын, төртінші сан оқу мақсатының ретін көрсетеді.

42. Бағдарламаның бөлімдері келесіні қамтиды:

<b>бөлім</b>	<b>тарау</b>
1.Материалтану	1.1.Еңбек құралы жайлы жалпы түсінік 1.2.Материалдарды, құралдар мен жабдықтарды сараптау
2.Еңбек құралын дайындау технологиясы	2.1. Көркем құрастыру 2.2. Кескін шығармашылығы 2.3. Матамен жұмыс 2.4. Апликация 2.5. Папье-маше 2.6. Жұмсақ ойыншықтар 2.7. Жіппен бейнелеу тәсілі 2.8. Макраме 2.9. Тоқу өнері 2.10. Терімен жұмыс
3. Еңбек құралдарын сараптау және бағалау	3.1. Еңбек құралдарын сараптау және бағалау

43. Оқу мақсаттарының жүйесі:

1) 1 бөлім. «Материалтану»

Білім алушылар білуі қажет				
<b>Тарау</b>	<b>7 сынып</b>	<b>8 сынып</b>	<b>9 сынып</b>	<b>10 сынып</b>
1.1.Еңбек құралы туралы жалпы түсінік	...			
1.2. Материалдарды, құралдар мен жабдықтарды сараптау	...			

2) 2 бөлім «Еңбек құралын дайындау технологиясы»

Білім алушылар білуі қажет				
<b>Тарау</b>	<b>7 сынып</b>	<b>8 сынып</b>	<b>9 сынып</b>	<b>10 сынып</b>

2.1. Көркем құрастыру	...			
2.2. Кескін шығармашылығы	...			
2.3. Матамен жұмыс	...			
2.4. Аппликация	...			
2.5. Папье-маше	...			
2.6. Жұмсақ ойыншықтар	...			
2.7. Жіппен бейнелеу тәсілі	...			
2.8. Макраме	...			
2.9. Тоқу өнері	...			
2.10. Терімен жұмыс	...			

3) 3 бөлім «Еңбек құралдарын сараптау және бағалау»:

Білім алушылар білуі қажет				
Тарау	7 сынып	8 сынып	9 сынып	10 сынып
3.1. Еңбек құралдарын сараптау және бағалау	...			

*Ескерту.* Оқу пәнінің аясындағы бағдарламаның мақсаттарын анықтау барысында білім алушылармен жұмыс жүйесіне ортақ тақырыптарды қосу ретін қарастыру ұсынылады.

## 2 ҚОСЫМША

### Оқу бағдарламасын техникалық рәсімдеуге қойылатын талаптар

Оқу бағдарламасын техникалық жағынан рәсімдеу «Нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу, келісу, мемлекеттік тіркеу және олардың күшін жою қағидаларына» сәйкес жүргізіледі<sup>1</sup>:

1. Тақырып парақтың сол жақ үстіңгі бөлігінде оң жағынан нормативтік құқықтық актінің мемлекеттік тіркелуі туралы мөртаңбаға ені кемінде 7,5 сантиметр (бұдан әрі – см) және ұзындығы кемінде 4 см орын қалдырыла отырып орналастырылуы тиіс.

2. Бағдарламалар келесі параметрлерді ескере отырып рәсімделеді ("doc" немесе "docx" кеңейтілімі бар мәтіндік редакторын қолдану арқылы):

- сол жақ – 2,5 см, оң жақ – 1,5 см, колонтитулдар – 2,5 см.;

- шрифт - "Times New Roman" № 14 өлшеммен (қосымшаларда аз өлшемдегі шрифт қолданылуы мүмкін, бірақ № 10 кем емес);

- жол аралық интервал - біреу;

- абзац (алғашқы қатардың өлшемі) – 1,25 см.

3. Күн, ай, жылды белгілегенде ай атауы жазбаша түрде, ал жыл толық көрсетіледі, мысалы: «2016 жылғы 16 қараша».

4. Бөлім атауларынан басқа тақырыпты бояу, астын сызу және курсив рұқсат етілмейді.

5. Тарауларды, тармақтарды және тармақшаларды араб сандарымен нөмірлеу керек (қолмен, яғни автоматты түрде емес).

6. Жұмыс тараулары оқу бағдарлама аумағында кезектілікпен нөмірленуі және нүкте қою арқылы араб сандарымен белгіленуі тиіс.

7. Тармақтар оқу бағдарлама аумағында нүкте қою арқылы жалпы кезектілікпен нөмірленуі тиіс.

8. Тармақша – тармақша аумағында жабылған жақшамен және нүктесіз кезекті нөмірлеуді қосады (ҚОСЫМША 1).

9. Оқу бағдарламалар мәтінінде тырнақша келесі белгімен белгіленеді: «».

10. Қосымшаны қоса есептегенде әр бет парақтың жоғарғы жағында, яғни ортасында басқа да белгілерсіз нөмірленуі тиіс.

11. Бір пән бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі техникалық рәсімделуінің ұйқастығы болуы тиіс.

12. Бағдарлама мазмұны қысқаша, нақты болуы тиіс және әр түрлі түсініктемелер, ақпаратты қайталаулар болмауы керек. Бағдарламада ғылыми-педагогикалық терминдер, анықтамалар мен түсініктемелер нормативтік құқықтық актілерге сәйкес қолданылғаны дұрыс, сондай-ақ олар болмаған жағдайда – ғылыми-педагогикалық әдебиетте жалпы қабылданған белгілеулер мен анықтамалар пайдаланылуы тиіс.

---

<sup>1</sup> «Нормативтік құқықтық актілерді ресімдеу, келісу, мемлекеттік тіркеу және олардың күшін жою қағидалары» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 6 қазандағы N568 Қаулысы



## Мазмұны

Кіріспе	3
1 Мүмкіндігі шектеулі оқушыларға білім беруді ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктері	4
2 Мүмкіндігі шектеулі оқушыларға арналған оқу бағдарламаларының кәсіби-еңбекке бағыттылығы	8
3 Кәсіби-еңбекке баулу оқу бағдарламаларын бейімдеу бойынша әдістемелік ұсынымдар	11
Қорытынды	21
Глоссарий	23
Қолданылған дереккөздер тізімі	24
1 Қосымша. Типтік оқу бағдарламасының үлгісі	26
2 Қосымша. Оқу бағдарламаласын техникалық рәсімдеуге қойылатын талаптар	32

## Введение

Среди различных видов деятельности человека ведущее место занимает труд, он служит важным средством развития духовных, нравственных, физических способностей человека. В обществе именно труд оказывает многостороннее влияние на формирование личности, выступает способом удовлетворения потребностей, созидателем общественного богатства, фактором социального прогресса.

Профессионально-трудовая подготовка детей с ограниченными возможностями подразумевает удовлетворение интересов общества, государства и личности обучающегося в обеспечении возможности и способности свободного и осознанного выбора профессиональной деятельности, соответствующей личностным интересам, склонностям и способностям каждого ребенка. Профессионально-трудовое обучение в специальных организациях образования должно учитывать потребности рынка труда в квалифицированных и конкурентоспособных кадрах, особенности местного и регионального рынка труда, специфику учебно-воспитательного процесса в специальных организациях образования, материально-техническую базу для профессионально-трудовой подготовки и многие другие.

Изучение таких учебных предметов, как «Общетрудовая подготовка», «Ремесло», «Профессионально-трудовое обучение» и т.п. в специальной школе способствует получению обучающимися первоначальной профессиональной ориентации. Профильная трудовая подготовка в специальной школе нацелена на формирование в процессе учебы и общественно полезной работы трудовых умений и навыков, развитие мотивов, знаний и умений правильного выбора профиля и профессии с учетом личных интересов, склонностей, физических возможностей и состояния здоровья.

Актуальность разработки и практическая значимость разработки требований к структуре и содержанию учебных программ специальных организаций образования обусловлена необходимостью определения единой структуры и последовательности изложения содержания программ трудового обучения. Современные тенденции развития системы среднего образования: обновление содержания образования, личностно-ориентированное и практико-ориентированное обучение, обучение в течение всей жизни требуют переосмысление подходов к разработке учебных программ по профессионально-трудовому обучению.

**Цель рекомендаций:** научно-методическое сопровождение процесса разработки учебных программ профессионально-трудового обучения для учащихся специальных организаций образования.

**Задачи рекомендаций:** разработать общие требования к структуре и содержанию учебных программ профессионально-трудового обучения для обучающихся с ограниченными возможностями, в том числе и для детей с умственной отсталостью.

## **1 Методические особенности организации обучения учащихся с ограниченными возможностями**

Целью трудового обучения детей с ограниченными возможностями, в том числе и детей с умственной отсталостью является формирование у них знаний, умений и навыков, необходимых в жизни и труде. Трудовое обучение в специальной школе направлено на подготовку работников физического труда, способных самостоятельно и на профессиональном уровне выполнять несложные виды работ на производственных предприятиях в условиях обычного трудового коллектива. Трудовое обучение, как и остальные учебные предметы, решает задачу всестороннего развития учащихся. Оно вносит существенный вклад в физическое, умственное, эстетическое и нравственное развитие. Однако основная задача трудового обучения — дать школьникам начальное профессиональное образование, т. е. вооружить их доступными техническими и технологическими знаниями, профессиональными навыками и умениями, которые необходимы для работы по определенной специальности. Кроме того, трудовое обучение в специальной школе выполняет функции социально-трудовой реабилитации и адаптации учащихся. Эта задача решается путем включения детей в необходимые в жизни виды труда: бытового, общественно-полезного и профессионального.

